

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ӘЛ-ФАРАБИ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ
АЛЬ-ФАРАБИ» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА БАЛХАШ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

02.09.2025

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№

250

город Балхаш

**Кәмелетке толмағандар
арасында аутодеструктивті
бейәлеуметтік және тәуелділік
мінез-құлықтың алдын алу
бойынша 2025-2026
оқу жылына арналған іс-шаралар
жоспарын бекіту туралы**

«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысын, «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 15 тамыздағы №460 бұйрығы, «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2025 жылғы 08 тамыздағы №349 бұйрығы негізінде, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар іске асыру аясында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «әл - Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Жауапты: Т.К.Сагадатов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2. Педагогикалық кеңестің күн тәртібіне Оқу-ағарту министрлігінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін (ҚР ОМ бұйрықтары №4, №92, №506) зерделеу енгізілсін. Мерзімі: 2025 жылғы 1 қазанға дейін.

Жауапты: Т.К.Сагадатов – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3. Ы. Алтынсарин атындағы КЕАҚ «Медиация қызметі: мектеп медиациясын дамыту және жанжалдарды шешу бөлігінде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат» әдістемелік ұсынымдарына сәйкес Мектеп медиациясы қызметінің жұмысы ұйымдастырылсын.

Жауапты: З.С.Абдильдина - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

4. Кәмелетке толмағандар арасындағы суицид фактілерін зерделеу және саралау, сондай-ақ оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға кәсіби көмек пен қолдау көрсету бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

Жауапты: Д.Ж.Сағымбекова – педагог – психолог

Е.Д. Кудабоева- педагог- психолог

5. Білім беру ұйымдарында әлеуметтену динамикасын мониторингтеу жөніндегі бақылауды күшейту.

Жауапты: Д.Ж. Сағымбекова- педагог- психолог

Е.Д. Кудабоева- педагог- психолог

Г.Н. Махашова- әлеуметтік педагог

Э.Ж. Ахметова- әлеуметтік педагог

6. Коммуникативтік тренингтер мен психологиялық диагностика жүргізу үшін 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарына педагог-психологтардың әрбір сынып - комплект бойынша жылына кемінде 4 рет жұмыс істеуіне арналған «Психолог сағаты» енгізілсін.

Жауапты: Т.К.Сагадатова - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

7. Педагог - психологтар 4-10 сынып оқушылары арасында стресске төзімділік пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтер өткізсін. Мерзімі: 2026 жылғы 20 қаңтарға дейін.

Жауапты: Д.Ж.Сағымбекова – педагог-психолог

Е.Д. Кудабоева- педагог- психолог

8. Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау, уақытылы психологиялық - педагогикалық көмек көрсету және оқу процесі барысында олардың психоэмоционалдық жай - күйін бақылау мақсатында сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен жұмыс жүргізілсін. Мерзімі: 2025 жылғы қазан, кейінгі мониторингпен.

Жауапты: Е.Д. Кудабоева – педагог - психолог

Д.Ж.Сағымбекова – педагог - психолог

9 Педагог - психологтардың жұмысын қамтамасыз ету үшін, психологиялық- педагогикалық қызметінің жұмыс кестесіне сәйкес консультациялар мен топтық тренингтер өткізуге арналған кабинет қарастырып жабдықтау, психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, психологиялық диагностика жүргізу үшін интернетке және компьютерлік сыныпқа қолжетімділік қамтамасыз етілсін.

Жауапты: С.Т.Сыздыкова – мектеп директоры,

10. Білім алушылардың аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу жөніндегі жұмыста:

2) Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - Т.К.Сагадатова,

3) Педагог - психологтар Д.Ж.Сагымбекова, Е.Д. Кудабаетова, әлеуметтік

педагогтар Г.Н. Махашова, Э.Ж. Ахметоваға – бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес іс- шараларды өткізу жүктелсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз жауапкершілігімде қалдырамын.

С.Т. Сыздыкова

Бұйрықпен таныстым:

- | | | |
|----|---|------------------|
| 1. |  | Т.К. Сагадатова |
| 2. |  | З.С. Абдильдина |
| 3. |  | Д.Ж. Сагымбекова |
| 4. |  | Е.Д. Кудабеева |
| 5. |  | Ж.Б. Сакенов |
| 6. |  | Г.Н. Махашова |
| 7. |  | Э.Ж. Ахметова |